

**Қазақстан Республикасының Президентінің Төртінші өнеркәсіптік  
революция жағдайындағы дамудың жана мүмкіндіктері атты  
жолдауына пікір**

Орманбеков Еламан Серікұлы, з. ғ.м.,  
Жеке құқық кафедрасының оқытушысы

Бүгін әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңінде қадам басым келелді. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтің кезекті Жолдауы мемлекетіміздің және барша Қазақстандықтардың өмірі үшін аса маңызды мәселелерді анықтап берді. Мемлекетіміз жаһандық өзгерістер мен сын қатерлерге дайын болу қажеттігін ескеріп Қазақстан-2050 даму стратегиясын қабылдағаны барша жұртқа мәлім. Алдымызға 30 дамыған отыз елдің қатарына кіру мақтын алдыға қойдық. 100 нақты қадам – Ұлт жоспары жүзеге асырылуда. Оның ішінде 60 қадамы қазірдің өзінде орындалып қойды. Қалғандары негізінен ұзақ мерзімге арналған және жоспарлы түрде іске асырылуда.

Бұл жолдау жана әлемге, яғни Төртінші өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделу мен жетістікке жету жолын табу үшін не істеу қажеттігін айқындайды. Яғни биылғы жолдау барша қазақстандықтардың үшін аса маңызды мәселелерге қатысты бағыттарын айқындап берді. Еліміздің әлеуметтік экономикалық табыстарының негізі – біздің басты құндылықтарымыз ретінде қала беретін азаматтық бейбітшілік, ұлтаралық және конфессияаралық келісім боп табылады. Сонымен қоса Көл-көсір мұнайдың дәуірі аяқталып келеді. Елімізге дамудың жана сапасы қажет. Жана әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін Қазақстанда қажетті нәрсенін бәрі бар екеніне сенімдеміз. Алайда істейтін істер шарасы өте көп. Солардың ішінде атап айтсақ Елбасымыз биылғы Қазақстан халқына жолдауында тікелей назар аударып атап айтты.

Бұл үшін мынадай міндеттерді шешуге жұмылуымыз керек. Биылғы жолдаудың басты бағыттарының бірі білім саласын жетілдіру боп табылады. Елбасымыздың білім саласын жетілдірудің басты бағыттарының бірі Жоғары білім беру саласын жетілдіру боп саналатынын ерекше атап өтті. Осыған орай бірнеше бағыт бойынша жұмыс ісін жетілдіру бойынша міндеттемелер жүктеді. Атап айтсақ білім саласын цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кен жолақты Интернетке қосу мен қоса видеокұрылымдарын жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажет. Оқытушылардың видеосабактары мен видеолекцияларын орналыстыру қажет делінген. Баршаға тегін кәсіптік техникалық білім беру жобасын жүзеге асыруды жалғастыру қажет. Менім жеке өзімнің білім саласын жетілдіруге қатысты ойым түбегейлі құптаймын, себебі ел болашағы - жастардың қолында демекші, болашақ мамандарды даярлаудағы онтайлы өзгерістерге қол жеткіземіз деген ойдамын.